

«Жыланбүзгән» жалпы бiлiм беретiн мектеп»

Тәрбие жұмысының жылдық есебі



Сынып: 6 «В»

Сынып жетекшісі: Жамалбаева Гулмира Рахымқылы

2023-2024 оқу жылы

**«Жылдубүзгөн» жалпы білім беретін мектеп» КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру
мақсатында 2023-2024 оқу жылында атқарылған
6 «В» сынып жетекшісінің жылдық жұмыс есебі**

Сынып: 6 «В»

Оқушылар саны: 21

Сынып жетекшісі: Жамалбаева Г.

Оқу жылы : 2023-2024 оқу жылы

«Жылдубүзгөн» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Оқу ағарту министрі Г.Бейсембаевтың 19.09.2023 ж. №294 бұйрығы негізінде сынып жетекшісінің жылдық жоспары жасалып, іс-шаралар атқарылды.

Мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккор, адал, сыйлы, жақпапз адаматты тәрбиелеу

Міндеттері:

- ↳ Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- ↳ Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- ↳ Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен
- ↳ әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құрметтік мәдениетін қалыптастыру.
- ↳ Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- ↳ Табиғатқа, табиғи мұраға құрметпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «төктілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, адамға адал қымет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ✓ Өр ісіне, қаламына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- ✓ Тұратын үйін, аудасын, қаласын тазы ұстайды, қоғамдық орынға және көршілеріне ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы икемділігін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұқтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
 - Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
 - Елінің тарихын құрметтейді
 - Ұлттық мираспы, мәдениетті дәріптейді
 - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары
- Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққа қатысты қолдану;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстау;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
 - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
 - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
 - Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
 - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.
- Талап құндылығы:**

- Сын және креативті ойлау;
- Жекпе-жек және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тауға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Сауатты өмір салтын ұстану;
- Технолоғиялық және цифрлық дағдарысқа шыдамды болу;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тигішілігін сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Үдденімділік, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің тиімді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- ✓ баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- ✓ баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- ✓ баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынал көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мысал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (үйкі) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырлар (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жасқа асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі саяхаттары, «Әженнің ертегісі», «Бал бала» тіл шарты жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі кәзіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыңым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан таяпай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымш, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірім тәрбиесі (11-13 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адам қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейбір жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық паркітер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты көрсету, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, сипатпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ғымылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауанкершілікті соналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл иекжіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың қолдан сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауанкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

2023–2024 оқу жылы бойынша сынып жетекшісінің жылдық есебі

Мектеп: «Жыланбұтпа» жалпы білім беретін мектебі»ЖММ

Сынып: 6 «В»

Оқушылар саны: 21

Сынып жетекшісі: Жамалбаева Гулмира Рахымқызы

1. Сынып сағаттарының өту барысы

2023–2024 оқу жылында сынып жетекшісі оқу-тәрбие жоспарына сәйкес 34 сынып сағатын өткізді. Сабақтар оқушылардың жас ерекшеліктеріне және мектептің жылдық тәрбие жоспарына сай ұйымдастырылды.

Сынып сағаттары келесі бағыттарды қамтыды:

Рухани-адамгершілік тәрбие: «Адал болайық», «Мейірімділік – адамгершілік негізі», «Ата-анаға құрмет».

Мақсат:

Оқушылардың рухани дүниесін байытып, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіру.

Міндеттер:

Ізгілік, адалдық, мейірімділік сияқты қасиеттерді дәріптеу;

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету;

Оқушылардың өзін-өзі тануына, жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету.

Патриоттық тәрбие: «Менің Отаным – Қазақстан!», «Елімнің ертені – жас ұрпақ», «Тәуелсіздік – ең қымбат байлық».

Мақсат:

Оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезім қалыптастыру.

Міндеттер:

Туған жердің тарихын, табиғатын құрметтеуге үйрету;

Ел рәміздері мен дәстүрлерін қадірлеуге баулу;

Қазақстан азаматтары ретінде мақтаныш сезімін қалыптастыру.

Құқықтық тәрбие: «Менің құқықтарым мен міндеттерім», «Заң бәріне ортақ».

Экологиялық тәрбие: «Қоқысты сұрыптаудың пайдасы», «Табиғатты аяла».

Мақсат:

Экологиялық мәдениетті қалыптастырып, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.

Міндеттер:

Қалдықтарды сұрыптаудың пайдасын түсіндіру;

Табиғатты аялау дағдыларын дамыту;

Экологиялық жауапкершілік сезімін арттыру.

Ақпараттық қауіпсіздік: «Кибербуллингке жол жоқ!», «Интернеттегі мәдениет».

Мақсат:

Оқушыларды интернеттегі әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу және кибербуллингтен сақтандыру.

Міндеттер:

Кибербуллингтің түрлерін, зиянын түсіндіру;

Интернет мәдениеті мен қауіпсіздік ережелерін үйрету;

Бір-біріне құрметпен қарауға, онлайн ортада сыпайы болуға баулу.

Барлық сынып сағаттары бейнежаоба, слайд, тренинг, ойын элементтерімен безендіріліп өтті.

2. Қатысқан тәрбиелік іс-шаралар

Жыл бойы оқушылар мектепшілік және аудандық деңгейде 16 тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатыстым

Негізгі іс-шаралар:

«Тіл – ұлттың жаны» апталығы

«Бір шаңырақ астында» мерекелік концерт

«Адал азамат» жобасы аясындағы «Адал еңбек – ардың ісі»

«Жас эколог» акциясы

«Мен – өз елімнің патриотымын!» флешмобы

«Мейірімді жүрек» қайырымдылық апталығы

«Қош келдің, Жаңа жыл!» кеші

«Наурыз – береке бастауы» мерекесі

Іс-шаралардың барлығы оқушылардың бойында патриотизм, жауапкершілік, ұйымшылдық және еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталды.

3. Ата-аналармен жұмыс және АПҚО қызметі

Ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі.

Жалпы ата-аналар жиналысы: 4 рет

Жеке әңгімелесу, кеңес беру: 12 ата-анамен

АПҚО (Ата-ана, педагог, қоғам өкілі) бірлестігі аясында өткізілген іс-шаралар:

«Отбасындағы тәрбие – бала болашағының кепілі» семинары

«Жасөспірім және интернет» тренингі

«Ата-анамен байланыс – табысты оқушы кепілі» дөңгелек үстелі

«Отбасылық дәстүр – ұлттың негізі» онлайн кездесу

Ата-аналар мектеп өміріне белсенді араласып, сынып бұрышын безендіруге, қайырымдылық акцияларына, спорттық жарыстарға атсалысты.

4. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу жұмыстары

Мектептің буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бағдарламасы аясында келесі жұмыстар атқарылды:

«Кибербуллингке жол жоқ!» ашық сынып сағаты

«Достық пен сыйластық» психологиялық тренингі

«Жақсылыққа шақыр!» желісіндегі

«Қауіпсіз қолтарту ағылымы» акциясы

Психолог, әлеуметтік педагог, инспекторлық бірлескен кешендеріміз

Бұл жұмыстардың нәтижесінде сыныпта жақын қарым-қатынас, өзара сыйластық пен сенім атмосферасы қалыптасты.

5. Мерекелік іс-шараларға қатысу

Жыл бойы сынып мүшелеріміз тіркелген мерекелерге белсенді қатысты:

1 қаңтардан – Білім күні

8 наурыз – «Ана – өмір сүзетін»

22 наурыз – «Наурыз – ұлттық мерекесі»

9 мамыр – «Ерлікке тағзым»

Тәуелсіздік күні

«Сенге ұмырға» сыйласты

Мерекелік шараларда оқушылар не айтып, не басып, қолы сазып, не көздерімен көрсетті.

6. Ашық тәрбие сағаттары

Оқу жылы ішінде 3 ашық тәрбие сағатын өткізді:

1. «Қиынды сұрыптың пайдасы» – зияндыққа қарсы бағытта

2. «Абай мұрасы – рухани қазына» – зорби-төлемдік бағытта

3. «Мен және менің отбасым» – отбасылық құндылықтар тақырыбында

Барлық ашық іс-шаралар жоғары деңгейде, әдістемелік бірлестікте оң бағаға ие болды.

7. Оқушылар жетістіктері

Сынып оқушылары мектепшілік, аудандық және облыстық сайыстарға қатысып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді:

«Жас эколог» байқауы – II орын

«Адал азамат» эссе байқауы – III орын

«Мейірімді жүрек» акциясы – белсенді қатысу

«Тіл білгірі» олимпиадасы – 2 оқушы жүдагер

8. Жалпы қорытынды

Жыл бойы жүргізілген тәрбие жұмысы нәтижесінде сынып ұжымы тату, ұйымшыл, жауапты топ болып қалыптасты.

Оқушыларда өзара сыйластық, достық, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдері нығая түсті.

Ата-аналармен, мектеп әкімшілігімен және педагогикалық ұжыммен байланыс жүйелі түрде жүргізіледі.

Қорытындылай келе, 2023–2024 оқу жылы жемісті және нәтижелі жыл болды.

Орындаған:



Жамалбаева Гүлмира